

Тексерілді
«Нұрлы» «Мектеп-
бәбейкай» балабақша кешені»
менгеруші
 Ж.С. Бердимбетова.

Ботақан ерте жас тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Бақытты балалық»

Тәрбиешілер: Раймбаева А.О

Сатынбекова Қ

2021-2022 ж

Тақырыбы: Біз бақытты баламыз.

Мақсаты: Адам өмірінің ең қызықты да, бақытты сәті балалық кездің қызықтары туралы айту.

Отбасы, достық, ойын, ойыншықтар туралы айтып, өнермен өрнектеп көрсету. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту. Ұлттық нақыштарын, бір-бірін құрметтеуге, отбасын сыйлауға тәрбиелеу. Өнерді сүйеге баулу.

«Мен құрбымды жақсы көремін» шеңбері

Тәрбиеші: - Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Біз бүгін сіздерді «Біз бақытты баламыз» атты әдеби-монтажды, тәрбиелік кешімізді көруге шақырамыз. Бұл шарада балалардың өнерімен, белсенділігін танып, білесіздер.

Адам баласының ең бақытты да, өміріне із қалдырар тәтті кезеңі ол-балалық кезі. Ата-анасының жанында, ұйқысы қанық, қарны тоқ, шат-шадыман күлкімен уақытын өткізетін өмірдің қайта келмес, сағынышқа толы кезеңі.

-Балалар, қалай ойлайсындар, «бақытты бала» деп кімді айта аламыз?

-өз отбасы, достары бар, денсаулығы мықты баланы бақытты бала деп айтамыз.

-Балалар қоян мен қонжық «Балалық әлеміне» автобусқа мініп саяхатқа шығыпты. Олар мінген автобустың ішінде сендерге әкеле жатырған сыйлықтары бар екен. Автобус тезірек сендерге жету үшін, сендер әр аялдамада талап етілген тапсырмаларды орындап, белсенділік көрсетіндер.

Автобусты саяхатқа әнмен бастап шығарайық: Ән «Біз өмірдің гүліміз»

I «Отбасы аялдамасы»

- Балалар отбасы деген не?

- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/

- Отбасында саған не үйретеді?